

Жеке тұрғын үй құрылышы мен тұрғын үй кооперациясын дамытуды жеделдету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына қосымша женілдіктер беру және экономикалық ынталылышын туғызу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 10 сәуірдегі № 715 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3613 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 13.08.1997 N 3613 Жарлығымен (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді).

Республикалық

және

жергілікті

газеттерде жариялау үшін

Азаматтардың жеке тұрғын үйлер салуға мүдделілігін арттыру, тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени құрылыш үшін құрылыш, әрлеу материалдары мен үй тұрмысы заттарын өндіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың іскерлік белсенділігін, кәсіпорындар мен ұйымдарды осы мақсатқа өз пайдасының бір бөлегін жұмсауға ынталандыру мақсатында, сондай-ақ құрылыш құнының едәуір қымбаттауына бағласты

ҚАУЛЫ

ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Жинақ банкіне Қазақ КСР Президентінің «Жеке тұрғын үй құрылышын және тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1991 жылғы 19 наурыздағы Жарлығының З тармағына сәйкес азаматтарға берілетін несиelerдің мөлшерін бес есе ұлғайтуға, сондай-ақ тұрғын үй және тұрғын-үй құрылыш кооперативтерінің мүшелеріне жеке тұрғын үйлер құрылышына несиeler берудің шарттарын қолдануына рұқсат етілсін.

2. «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және агроенеркәсіп кешенін дамытудың басымдығы туралы» Қазақ КСР заңдарын жүзеге асыру мақсатында:

жеке немесе кооперативтік тұрғын үй салуына немесе сатып алуына жас азаматтар мен отбасыларына (30 жасқа дейінгі) несие оның құнының 75 проценті мөлшерінде 30 жыл мерзімге берілетін, бірақ 200 мың сомнан аспайтын, әр бала туған сайын қарыздың 15 проценті орнына салынатын;

селода тұратын жастар мен жас отбасыларына тұрғын үй салуына немесе сатып алуына берілген несиенің жартысы тұрғын үй сатып алғаннан кейін немесе құрылышты пайдалануға бергеннен кейін 5 жыл өткен соң орнына салынатын

б о л ы п

б е л г і л е н с і н .

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері бір ай мерзімде жастарға тұрғын үй шараларына берілген несиенің бөлегін бюджеттің, кәсіпорындардың, шаруашылықтар мен ұйымдардың қаржыларының есебінен орнына салу механизмін анықтап, тәртібін белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының Жинақ банкі тұрғын үй шараларына арналған несиeler беруді процентсіз негізде жүргізетін болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын женілдік несиелерін беруге байланысты банктердің шығынын қайтару үшін республикалық бюджетте қаржылардың болуын қарастырын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкіне үйлерінің құрылышын 1992 жылғы 1-қаңтарға дейін бастаған тұрғын үй-құрылыш кооперативтеріне несие берудің тәртібін анықтау, бұл ретте құрылыш толық аяқталғанға дейін оларға несие берудің бұрын қолданылып келген шарттарын сақтау қажеттігін ескеру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

құрылыш құнының өзгеруіне қарай азаматтарға тұрғын үй шараларына берілетін женілдік несиелердің мөлшерін жыл сайын қайта қарап отыратын б о л с ы н ;

бір ай мерзімде жеке және кооперативтік тұрғын үй құрылышын дамыту мәселелерін шешуде азаматтарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға қосымша женілдіктер беру және экономикалық ынталылығын туғызуға бағытталған Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кенесіне ұсыныстар енгізсін, бұл орайда:

жеке тұрғын үй құрылышын жүргізіп жатқан азаматтарға үй құрылышының нормативтік мерзімі ішінде үзіліссіз еңбек стажын сақтай отырып, негізгі жұмыс орны бойынша еңбек шартының күшін уақытша тоқтата тұру хұқын беруді;

турғын үй құрылышы бойынша атқарылатын жұмыстар мен қызметтің қосылған құнына салынатын салықтан босатуды;

турғын үй-азаматтық құрылыш үшін құрылыш және әрлеу материалдарын, конструкцияларын, бұйымдарын және үй тұрмысының заттарын өндіретін жаңа іске қосылған кәсіпорындарды жұмыс істеген алғашқы жылы салық төлемінен босатуды және екінші жылы оның пайдасына кесімді мөлшерінің 50 процентіне кемітілген салық салуды ;

кәсіпорындар мен ұйымдардың салық салынатын пайдасын жеке құрылыштардың территорияларын инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығының сомасына, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлеріне жеке және кооперативтік тұрғын үй құрылышына берілген несиелерді орнына салуға

пайдаланылатын шығындардың сомасына кемітуді ескеретін болсын.

6. Осы Жарлықтың қабылдануына байланысты Қазақ КСР Президентінің «Жеке тұрғын үй құрылышын және тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1991 жылғы 19 наурыздағы Жарлығының З тармағы жетінші, оныншы және он бірінші абзацтарының және Қазақстан Республикасы Президентінің «Материалдық орта салаларындағы өндірісті тұрақтандыру және өркендету жөніндегі шаралар туралы» 1992 жылғы 8 ақпандағы Жарлығының 7 тармағы алтыншы абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК